

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Сыр бойы



№181-182
(19859-19860)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyi.kz

30 қараша /СЕНБІ / 2019 жыл

Тәуелсіз мемлекет құрудағы Елбасының тарихи рөлі

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауында: «Біздің мақсатымыз Қазақстанды әлемдік өркениеттің дамыған мемлекеттер қатарына жеткізу» деген еді. Бүгінде Ұлы Дала елі әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы елу елінің арасынан орын алды. Елбасы армандаған әлемдік өркениеттің дамыған елдер қатарында болуға қол жеткіздік. Тәуелсіз Қазақ елін әлем таныды. Осының барлығы Елбасы Н.Назарбаевтың кеменгер де сындарлы саясатының арқасы.

Тұңғыш Президент күні – еліміздің Тәуелсіздік тарихымен сабақтасып, біте қайнасып кеткен мемлекеттік мереке. «Елбасы» ұғымын алғаш рет заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев 1991 жылы 10 желтоқсанда Нұрсұлтан Назарбаевтың сайлаудағы жеңісінен кейін ел тарихындағы тұңғыш ұлықтау рәсімі кезінде өзінің Президентке арнаған сөзінде айтқан еді. Содан бері «Елбасы» атауы шынайы ұғымға, бүкілхалықтық мәртебеге айналды. «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы» деп Н.Назарбаевтың өзі айтқандай, Тәуелсіздік, Ана тілі, Туған жер ұғымдары ұлтты біріктіруші рухани күшке, ұлттық идеологияның негізгі басым бағытына айналды. Еліміздің төл тарихында тұңғыш



рет мемлекетті басқарудың жаңа үлгісі – президенттік басқару жүйесі енгізілді. Президенттік басқару жүйесі Қазақстанды сол кездегі дағдарыстан алып шығудың бірден-бір дұрыс жолы болды. Президенттік басқару моделі – әлемде мемлекет басқарудың кең тараған және тиімді тәжірибесі ретінде Қазақстанда ширек ғасыр уақыт ішінде өзінің өміршеңдігін

және тиімділігін толықтай дәлелдеді. Аса күрделі тарихи кезеңде басты мақсатымыз – елде тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға қол жеткіздік. Президенттік институт тарихтың сындарлы сәтінде Қазақстанның мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа танылуына жол ашты және тәуелсіз еліміздің саяси-мемлекеттік қалыптасуына қол жеткізді.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген үш онжылдықты ғана мерзімде алыстағы алып елдер де, шекаралас қасымыздағы көршілер де санасын айбынды мемлекетке айналды. Еліміздің әлемдік деңгейде танылуы – Тұңғыш Президенттің сарабал саясаты мен қоғамдық-әлеуметтік және экономикалық реформалардың нәтижесі.

Өзінің даму қарқыны, экономикалық қуаты, адами әлеуеті бойынша Қазақстан Орталық Азия мен ТМД мемлекеттерінің көшбасшы мемлекеті болып отыр. АҚШ-пен, Қытаймен, Еуроодақпен стратегиялық әріптестік мемлекетаралық қатынастарымыз жылдан-жылға дамып келеді.

3-бет.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Күрметті қызылордалықтар!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, елде қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың сақталуын, әлемде елдік мүдделердің қорғалуын қамтамасыз етуші көреген саясаткер, Ұлт көшбасшысы.

Елбасының жасампаз саясаты – республика азаматтарының қарқынды дамуы және құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі.

Біздің мемлекетіміздің жетістіктері – барша қазақстандықтың қажырлы еңбегінің және Тұңғыш Президентіміздің дана саясатының жемісі.

Күрметті жерлестер!

Елбасының тұрақты қолдауының арқасында Қызылорда облысы даму көрсеткіштерімен алға жылжып келеді.

Біздің басты мақсатымыз – мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асыру, өнеркәсіптік және әлеуметтік объектілердің құрылысын жоғары қарқында жүргізу, азаматтарымыздың әл-ауқатының осуын қамтамасыз ету үшін шағын және орта бизнесті табысты дамыту. Бар күш-жігерімізбен, бекем бірлігіміз, тату тірлігімізбен облыстың әлеуметтік-экономикалық және индустриялық-инновациялық дамуындағы маңызды мақсаттарға қол жеткізетінімізге сенемін.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесімен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, мол табыс, отбасыларыңызға амандық және молшылық тілеймін!

Мемлекетімізде әрқашан бейбітшілік пен бақ-береке орнасын. Егемен еліміз өсіп-өркендей берсін!

Ізгі тілекпен,
Қызылорда облысының әкімі
Қуанышбек ЫСҚАҚОВ.

Салтанат сәні

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мерейлі мерекемен Сыр жұртшылығын облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов құттықтады.

Назирке САНИЯЗОВА.

дәстүр, мәдениет, тіл мен дін шоғырланған мультимедиа жаңаша өмір сүруді бастады. Халқымыздың талай ғасыр аңсар-арманы болған «тәуелсіздік», «егемендік», «еркіндік», «азаттық» де-

Токсаныншы жылдардағы тоқырау кезеңінде экологиялық апат аймағы ретінде тарап кеткені тұрған облыс сарабал саясат нәтижесінде өз орнын сақтап қалды. Аралды құтқару мақсатында Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жобасы мен облысты тартпау жөнінде тарихи шешімдер қабылданды. Елбасы қолдауымен бекітілген Қызылорда облысының 2019-2022 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарында экология және табиғатты пайдалану саласында бірқатар жобаны жүзеге асыру, соның ішінде Кокарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің арнасын қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар қарастырылған.

Бүгінде аймағымыз көптеген сала бойынша республикада алдыңғы қатарда тұр. Әсіресе, инвестиция тарту, өңдеу өнеркәсібін дамыту, құрылыс жүргізу, әлеуметтік дамуға үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Өткен жылы жаппай кәсіпкерлікті дамытудың ұшқырлығын жарияладық. 2018 жылғы рейтинг нәтижесімен біздің өңір кәсіпкерлікті дамытуға ең қолайлы үздік аймақ ретінде танылып, Елбасы қолынан «Алтын сапа» сыйлығын алды. Бұл – Тұңғыш Президенттің парасатты-пайымды саясатының салтанатты жемісі, – деді облыс әкімі.

Мерекелік кеш жергілікті өнерпаздардың арнайы концерттік бағдарламасына ұласты.



Жаһанның 140 мемлекетімен қарым-қатынас орнатқан еліміз бүгінде даму қарқыны, экономикалық қуаты, адами әлеуеті жөнінен Орталық Азия мен ТМД-да көшбасшы позицияға ие. Әлемдік саясаткер, тарихи тұлға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салықалы саясатының арқасында жаңа Қазақстан, жаңа экономика, жаңа қоғамның іргесі қаланды. Мемлекеттің шекарасы бекітіліп, дамуының даңғыл жолы қалыптасты. Бірлігі жарасқан, болашағы

жарқын, тәуелсіз ел бүкіл әлем таныған абыройлы, беделді және мәртебелі мемлекетке айналды.

Қалай десек те, «тұңғыш» сөзінің мәні терең, мағынасы зор. Вашингтон, Ататүрік, Ганди сияқты тұңғыштардың қатарында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев есімінің де нық тұруы мақтанш сезімін ұялатады. Тәуелсіздігін енді ғана қолға алған, жүзден астам ұлттың басын қосып, соншалықты салт-

ген қасиетті сөздер еркін айтылды. Иә, тәуелсіздік туы желбіреген 28 жылда біз қаншама жетістікке қол жеткіздік. Бұлардың қатарында Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі – Елбасы есімін иеленген Нұр-Сұлтан қаласының орны ерекше, – деді аймақ басшысы.

Тәуелсіздік жылдарындағы толайым табыста Сыр елінің де қомақты үлесі бар. «Алаштың анасы» атанған өңір, оның ішінде Арал теңізінің тағдыры әрдайым Елбасы назарында.

Сыр елінің сенімді рухани серігі – «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінің 90 жылдығы Қызылордада кең көлемде тойланды. А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өткен шаралар легі «Заманауи медиа кеңістіктегі аймақтық баспасөздің маңызы мен ролі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциядан бастау алды. Оған облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов қатысты.

Назирке САНИЯЗОВА.

Өңірдің жасампаз өмір шежіресі



Өңірдің жарқын жетістіктері мен жасампаз істерін тасқа басып, өлкенің жылнамасын жасауға көксан үлесі қомақты қос басылым тарихының тамыры тереңде. Өткен ғасырдың он бойындағы тіршілікті жұртшылыққа жеткізе білген, дәуір толқынымен тыныстаған ақпарат көздері елдің рухани-мәдени, әлеуметтік-экономикалық дамуын ақпараттандыруға, ұлт руханиятының өркендеуіне айрықша еңбек сіңіріп келеді. Кешегі мен бүгінгінің бейнесі қатар өрілген газеттер талай талантты түлеткен ұстахана екені де даусыз. Мұнда қызмет атқарған журналистер арасынан небір майталман ақын-жазушылар шықты.

Жуырда ғана еліміздің бас басылымы – «Егемен Қазақстан» газетінің 100 жылдық мерейтойы аталып өтті. Сонда Мемлекеттік хатшы, мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев «...«Егемен Қазақстан» газеті қай дәуірде, қандай формацияда қызмет етсе де ұлт мүддесінің жоқтаушысы, қазақ руханиятының іздеушісі, төл мәдениетіміздің жанашыры болып келеді» деп сөз сөз сөз сөз. Міне, ғасырға жуық уақыт белесінен өткен аймақтың ата басылымдары да осындай ұстанымнан айныған емес, – деді облыс әкімі.

4,5-беттер.

АҚЖОЛТАЙ



«Сыр үміті» сыйлығы табысталды

2


ӘРІПТЕС



Шетелдегі тұңғыш қазақ тілшісі

3


МҮШӘЙРА



«Мені өледі деген сөздер – ертегі...»

5

СЕРГЕК



Мақсат «Әлем барысына» қатысады

8

АДАЛДЫҚ

Келеңсіздікпен күресудің қолайлы ортасы қалыптасты

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келді. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов пен агенттік төрағасы жаңадан бой көтерген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің сервистік орталығының ашылу салтанатына қатысты.



Орталық қызметін агенттіктің облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Низов таныстырып, ашық кеңістікке өту мемлекет пен қоғам арасындағы қашықтықты қысқарту және мемлекеттік мекемелердің азаматтар алдындағы есептілігі мен қолжетімділігі жолындағы бір қадам екенін атап өтті. «AntiCor орталық» азаматтарды толандыратын мәселелер бойынша құқықтық көмек алу, сондай-ақ жемқорлық індетін жоюға жұмысқа дайын жұршылықтың басын қосады. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қолайлы орта қалыптастыру мақсатында құрылған сервистік орталыққа жүгінуді әрбір тұрғын сыбайлас жемқорлық қатерлерінің алдын алу мақсатындағы ой-пікірлердің еркіндігін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижесімен таныса алады. Сонымен қатар, басқа өкілдермен шығу мүмкіндігі толық қарастырылған. Заман талабына сай жабықталған сервистік орталыққа тұрғындардың, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандардың талап-тілектерін іске асыру үшін барлық жағдай бар. Бұл жерде азаматтарға тегін ақпараттық қызмет көрсетіледі.

– Жаңа заман талабына сай салынған бұл ғимаратта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен халық арасындағы байланыс одан әрі нығайтып, жаңа қарқынмен жұмыс жасайтынына сенімдімін. Сондықтан, орталықтың ашылуы пайдалы болмақ, – деді аймақ басшысы.

Мұнан кейін А.Шпекбаев «Кәсіпкерлер үйінің» жұмысымен танысып, кәсіпкерлермен кездесті. Еркін пікір алмасу форматында ұйымдастырылған кездесуде өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы, «Далатек» сервистігінің директоры Ділмұхамед Абизов, кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес кеңесінің төрағасы Болат Нұрқожаев, «КазСпецСтройЭкспертиза» сервистігінің директоры Гүлзагара Әбдіраймова кәсіпкерлік саласын қолдаудағы өз өзгерістерге тоқталып, ұсыныс-пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар, агенттік төрағасы сол жағалауда орналасқан облыстық Жастар ресурстық орталығының жұмысымен танысып, «Ақынның қаламы – адалдық алаңы» атты облыстық жас ақындар мұшәйрасының жеңімпаздарын марапаттады.

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов пен Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев Қорқыт ата атындағы ҚМУ жанына ашылған «Парасаттылық мектебінде» болды. Сонымен қатар, №4 дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты мен сот ғимараты және қалалық әкімдік жанындағы «Орен спрас» фронт офистерінің жұмысымен танысты. «Парасаттылық мектебінің» жетекшісі Ләззат Қаржаубаева орталықтың мақсаты туралы баяндап, алдағы жоспарлармен бөлісті.

– Парасаттылық мектебі – студент жастардың бойында адалдық, парасаттылық, отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлықты болдырмау бағытында жұмыс жасамақ. Басты мақсат – білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған қарсы дүниетаным мен мәдениетті қалыптастыру, өскелең ұрпақты адалдық қағидатына тәрбиелеу. Сонымен қатар, халықаралық стандарт талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін дамыту және енгізу жөніндегі жобаны жүзеге асыру. Егер әрбір студентке оқу орнында дұрыс бағыт-бағдар беріп, бойына ұлттық тәрбиені сіңіретін болсақ, елімізде жемқорлықтың болмайтыны анық, – деді ол.

Шара барысында меймандар «Археология және этнография ғылыми зерттеу» орталығының мұражайын аралады. Орталық директоры Әзілхан Тәжекеев мұражайдағы барлық экспонаттардың тарихы туралы кеңінен әңгімелеп берді. Мұнан соң университет жетістіктерін тамашалап, «Адалдық сағаты» аясындағы лекцияға қатысты.

Сыр еліндегі сапарында агенттік төрағасы Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға

арналған №4 облыстық мектеп-интернатында болды. Онда «Адал ұрпақ» ерікті клубының жұмысымен танысты. Клуб мүшелері әуелі сыбайлас жемқорлыққа қарсы салған суреттерін ұсынды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 2017 жылы құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектепте қалыптастыру мақсатында құрылған клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, ақпарат пен шығармашылық, мәдени-көпшілік іс-шаралар бағытында жұмыс істейді.

– 2017 жылдан бері «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтары облыстың барлық мектептерінде құрылды. Қатарында 16000-нан астам мүше бар. Осы кезге дейін облыстағы ерікті клубтардың жұмысын үйлестіретін, оларға методикалық көмек көрсететін арнайы орталықтың болмауы қиындықтар тудырып келген. Қазіргі таңда облыстық штабта ұйымдастырылған жұмыстың 500-ге жуық материалдық қоры осында жинақталған.

Ерікті мектеп клубы шеңберіндегі жұмыстар оқушылардың Ұлы Даланың құндылығын күшейту біздің жауапкершілігіміз бен жемқорлықтың белсенділігін арттыруды талап етеді, – деді аймақ басшысы.

Жыныда партияның жергілікті жердегі жұмыс тиімділігін одан әрі арттырудың негізгі бағыттары туралы «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әліназарова баяндама жасады.

– Партияның белсенді мүшелерін топтастыру мен «адролық электоратты» қалыптастыру бағытында еліміздің барлық өңірлерінде алғаш рет пилоттық режимде партияның кадрлық резервіне іріктеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар біздің өңірде Сырдария ауданында қолға алынды. Іріктеу нақты ұсыныстары бар талантты азаматтарды, өңірдің өзекті мәселелерімен таныс жаңа қоғамдық пікір иелерін бәсекелестік негізде анықтауға мүмкіндік берді, – деді Ақмарал Шәріпбайқызы.

Сондай-ақ, партияның белсенді мүшелерін топтастыру үшін баста-



ҚР Тұңғыш Президенті күні қарсаңында Елбасы, «Nur Otan» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен кездесу қорытындысы бойынша облыстық партия активі ұйымдастырылды. Жыныға облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуанышбек Ысқақов қатысты.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Партия жұмысы жетілдіріле бермек

Актив жергілікті жерде партия органдарының жұмысын күшейту, біріктіруші ролін арттыру бойынша жұмыстардың негізгі бағыттарын талқылауға арналды.

Жыныда аймақ басшысы «Nur Otan» партиясы жұмысын жаңғырту Елбасы ұсынған «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» бағдарламасына сәйкес жүргізілетінін атап айтты.

– Облыста алғаш рет пилоттық режимде партияның кадрлық резервіне іріктеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ алдағы уақытта атқарар бірнеше міндет тұр. Партияны жаңарту, оның органдары мен тетіктерінің тиімділігін күшейту біздің жауапкершілігіміз бен жұмыстарымыздың белсенділігін арттыруды талап етеді, – деді аймақ басшысы.

Жыныда партияның жергілікті жердегі жұмыс тиімділігін одан әрі арттырудың негізгі бағыттары туралы «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әліназарова баяндама жасады.

– Партияның белсенді мүшелерін топтастыру мен «адролық электоратты» қалыптастыру бағытында еліміздің барлық өңірлерінде алғаш рет пилоттық режимде партияның кадрлық резервіне іріктеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар біздің өңірде Сырдария ауданында қолға алынды. Іріктеу нақты ұсыныстары бар талантты азаматтарды, өңірдің өзекті мәселелерімен таныс жаңа қоғамдық пікір иелерін бәсекелестік негізде анықтауға мүмкіндік берді, – деді Ақмарал Шәріпбайқызы.

Сондай-ақ, партияның белсенді мүшелерін топтастыру үшін баста-

ушы партия ұйымдарын оңтайландыру мен олардың жұмысын жетілдірудің де маңызы зор екенін атап өтті. Бүгінде партияның сабақтастық дәстүрін қалыптастыру үшін жастармен жұмысты күшейту, оларды партия төңірегіне біріктіру мақсаты тұр.

Айта кету керек, былтырғы жылмен салыстырғанда республика бойынша партияның қоғамдық қабылдауларына өтінішпен келетін азаматтардың саны 29 процентке арта, бұл көрсеткіш біздің облыста 21 процентті құрайды. Бір жағынан азаматтардың партияға сенім арқанын көрсетсе, екінші жағынан үлкен жауапкершілік жүктейді.

Сондай-ақ, активте И.Әбдікәрімов атындағы аграрлы-техникалық жоғары колледжінің директоры Ибадулла Құттықожаев, Сырдария ауданының әкімі Руслан Рүстемов, партияның Жалағаш аудандық филиалы «Дарын» бастаушы ұйымының жетекшісі Гүлзат Құрманбаева хабарлама жасады.

Жыныда аймақ басшысы жаңғырту бағдарламасында қамтылған міндеттерді партияның барлық алаңдарын пайдалана отырып қарқынды жүзеге асыру қажеттігін айтып, тиісті сала басшыларына бірақтар тапсырмалар жүктелді.

Сонымен қатар, активте партия қатарына салтанатты қабылдау мен белсенділерді марапаттау шарасы ұйымдастырылды. Партия қатарына Азия чемпионатының күміс жүлдегері, Әлем чемпионының екі дүркін күміс жүлдегері, бокстан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, кеше ғана «Nur Otan» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері атанған Қамшыбек Қоңқабаев та өтті.



«Сыр үміті» сыйлығы табысталды

Кеше өз саласында үздік, қарым-қабілеті мен озық идеялары арқылы дараланған бірақтар жас «Сыр үміті» жастар сыйлығын иеленді. Оларды «Сыр үміті» облыс жастарының дәстүрлі XV форумында облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов марапаттады.

Былғы «Жастар жылында» талабы мықты, талантты жастардың жарқырай түсуіне мүмкіндік беретін ауқымды жобалар мен бастамалар жүзеге асты. Ал, облыс жастары үшін ең басты сый Сырдария өзені сол жағалауынан бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі негізінде облыстық «Жастар орталығы» ғимаратының ашылуы болды.

Форумда Қуанышбек Досмайыұлы жастар жанапшыры Қырымбек Елеуұлының тікелей жетекшісі аймақ жастарына берілген бұл ғимарат тәулік бойы жұмыс жасайтынын атап өтіп, жастар бастамаларын қолдау мақсатында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Жастар жылы аясында тұңғыш рет көрініс тапқан елдер – Өзбекстан, Түркия, Татарстан жастарының халықаралық фестивалі өтті. Республикада біздің өңір бастамасы болып, жас IT мамандарды даярлауға бағытталған жастар IT шешіміне жүзеге асты. Онда халықаралық деңгейдегі тренерлер дәріс берді. Аймақтың туристік әлеуетін насихаттау, тарихи-мәдени орындарды таныстыруға бағытталған республикалық лагер, облыс әкімінің жұлдісі үшін «Жайдарман» ойыншыларының республикалық әзіл кеші, көңілді тапқырлар алаңы қатысушыларымен ашық аспан астындағы жастар кеші, ауыл жастарының слеті, жастар еңбек бригадалары ұйымдастырылды. Жастардың стартап бизнес идеяларын жинақтап, инвесторлар алдында қорғауға ықпал ететін «Kuzylorda Business Hub» жаңа жобасы пилоттық режимде бірінші рет жүзеге асырылды, – деді аймақ басшысы.

Был «Жастар – ел тірегі» жобасы аясында «Еңбек», «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламаларының мүмкіндіктерін 22 мыңа жуық жас пайдаланған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артық. Ал, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында 323 маманға бір жолғы көтерме жәрдемақы, 503 маманға жеңілдетілген тұрғын үй несиесі берілген. Айта кету керек, жыл соңында

бірақтар студент жаңа жатақхананың тұрғыны болады. Елбасы тапсырмасына сәйкес студент жастары 2022 жылға дейін жатақханамен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында биыл 330 орынға арналған ғимарат құрылысы аяқталды.

Был да Сырдың жас спортшылары әдеттегідей аймақтың ғана емес, ел абыройын асқаттады.

– Жас спортшыларымыз Әлем, Азия чемпионаттарында 168 медаль жеңіп алса, республика чемпионаттарында 1420 медальға қол жеткізді. Олардың ішінде бокстан Қамшыбек Қоңқабаевтың, Тұрсынбай Құлахметтің, еркін жүлдегер Дулат Ниязбековтің, сүйікті қызмыз Әулиабаевтың Тұрсынбаеваның жеңісті жетістіктері жастарымызға үлгі, – деді облыс әкімі.

Ал, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары Шахмардан Байманов былғы жыл жастарға үлкен мүмкіндіктер есігін ашқанын, заманауи үлгідегі, еңселі «Жастар орталығы» еліміз бойынша біздің облыста бірінші болып берілгенін атап өтті.

Форумда өз саласында оқ бойы озық жүрген жастарға берілген «Сыр үміті» сыйлығын 20 адам иеленсе, 10 адам арнайы номинациямен марапатталды. Олардың қатарында «Қайсар» футбол командасының Қазақстан кубогы ойындарында жеңімпаз атанып, Еуропа Лигасында ойнауына мүмкіндік сыйлаған, жеңіс голының авторы Думан Нәзірліев та бар. Ал, облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Айдана Жұмадинова «Жас каламгер» номинациясымен марапатталды.

Сондай-ақ, бұл күні продюсерлік орталық ашылды. Мұнда енді өнерге жақын аймақ жастарының ән жаздырып, бейнеклип, роликтер, тіпті қысқаметражды киноларды түсіруіне қолдау көрсетіледі.

«СБ» ақпарат.

Халықпен байланыс басты орында

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңесінің алаңында қоғамдық қабылдау өтті. Департамент басшысы Ардақ Ерсейітовтің қатысуымен өткен маңызды шарада бірақтар мәселе ортақ талқыға салынды.

Спикер агенттік бастамасына сәйкес, облыс әкімінің қолдауымен «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңесі ашылып, тұрмыстық жемқорлықты жою мен оның алдын алу бағытындағы шаралар жүзеге асып жатқанын айтты. Соны-

мен қатар жоба аясында азаматтардың күнделікті тыныс – тіршілігімен тығыз байланыста болатын 10 салалық бағыт айқындалғанына тоқталды. Әрі қарай шарада азаматтардың талап-тілегі тыңдалды. Кезекті қабылдаудан көбіне білім, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері және қоғам белсенділері табылды. Олар көкейдегі сұрақтарына тұшымды жауап, заң шеңберіндегі қажетті кеңес алды.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 40-сессиясы 2019 жылғы 12 желтоқсанда сағат 11:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

- 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
- Облыстық және аудандық бюджеттер, облыстық маңызды бар қала бюджеті арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы.
- Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2019 жылғы 11 желтоқсанда сағат 15:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 16:30-да өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

Тәуелсіз мемлекет құрудағы Елбасының тарихи ролі

Біздің халықаралық аренадағы сыртқы саясатымыз мемлекетіміздің ұлттық мүдделерін қорғау үшін ел ішіндегі терең саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Қазақстан халықаралық аренада әлемнің 180 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып, басты халықаралық ұйымдардың құрамына кіріп, еуразиялық кеңістікте интеграциялық үдерістердің локомотивіне айналды.

Мәселен, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы, Ислам ынтымақтастығы Ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық Ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік келісімі, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесіне және Түркі кеңесіне төрағалық етті.

Сонымен бірге, «мемлекет әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съездерін тұрақты өткізуді бастады, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болды, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін сәтті өткізді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының ядролық қарудан азат бейбітшілік құрудың жалпы декларациясына бастама жасады және 2017-2018 жылдарға Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды.

Белдееуіне бес құрлық сиятын, 130-дан астам ұлт өкілі тұратын Қазақстанда мемлекетке парасаттылықпен басшылық жасау да ердің ерінің ісі деп білеміз. Біз үшін ең маңызды құндылықтар – еліміздегі ынтымақ пен бейбітшілік. Ал, бейбітшілік бар жерде өсу бар, өркендеу бар. Елдегі ұлтаралық бірлік пен қоғамдық келісімнің сақталуында Елбасының төл бастамасы – Қазақстан халқы ассамблеясының орны зор екенін айту керек. Бүгінгі күні Елбасының бірегей саясаты берекелі бірлігіміз бен ынтымақты ырысымыздың дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Бейбітшілікті сақтау, соғыс отын тұтатпау, бейбітшілік үшін күресу қазіргі XXI ғасырдың да өзекті мәселелерінің біріне айналды. Содан болар, халықаралық қауымдастық бейбітшілікті жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына қосып отыр.

Бейбітшілікте, ынтымақ-бірлікте өмір сүруге ұмтылу – қазақ халқының қанына сіңген қасиеттерінің бірі екені сөзсіз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерін – қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ, басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұрға деген ынтымақ-ықпал арқасында ол тарих толқынының астында қалып қоймай, өзін мемлекеттің қалпына келтіре алды» деген сөзі кешегі мен бүгінгі тарихымызды ұштастырып келеді.

Тәуелсіздікке қол жеткен тұстан бері де бұл қасиеттерден айырмаған халқымыз ел егемендігіне де үлесін қосып келеді. Бүгінде азат ел атанған, өзін әлемге бейбіт өмірсүйгіштігімен мойындата білген Қазақстан жаһандық татулықты сақтау мен нығайту ісіне де атсалысып келеді.

Елбасы қашанда, тек бүгінмен емес, болашақпен өмір сүруге қажеттің басылыққа алады. Сондықтан да, Ұлт көшбасшысының саясаты кеменгерлік сипат алып, идеялары өзінің өзектілігі мен қажеттілігін дәлелдей түсті.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы көптеген табысты жобаларға бастамашы болу арқылы өңіраралық мәселелерде ерекше рөл атқаруда, сондай-ақ, Елбасы тек Орталық Азия елдері шеңберінде ғана емес әлемдік деңгейде де бейбітшілікті нығайтуға ауқымды үлесін қосуда. Оның Сирияда бейбітшілікті орнату мен қатерлерді азайтуға арналған бітімгершілік ұстанымы әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағасын алды. Ең бастысы, Тұңғыш Президент ұзақ жылдарға созылған шиеленістің саяси түйінін шешті.

Ағылшын жазушысы, саяси өмірбаяндарды жазудың шебері Джонатан Айткен өзінің Елбасы деген көзқарасын түсіндірген кезде «Оның өмірі... халықтың өмірімен тығыз байланысты... өте қызықты және дәуірдің жүгін өзі аркалап, саяси қайраткер ретіндегі қабарманның қызметін атқарды» деген екен. Ал, ресейлік кинорежиссер Никита Михалков «Назарбаев – нағыз ел ағасы. Ол тыңдап қана қоймай, есті де біледі, менің ойымша, бұл – төбесі көкке жеткендердің көпшілігін бойынан табыла бермейтін аса сирек қасиеттердің бірі» деп баға берген.

Қашанда заманынан озық жүру қажеттігін терең білетін Елбасының ұстанымы, оның саясатының философиялық негіздері болып табылады.

Елбасы Н.Назарбаевтың мемлекетімізді өркендету жолындағы саясаты бүгінде көптеген мемлекеттер үшін үлгі болуда. Қазіргі таңда әлемдік қауымдастық Қазақстанның ұстанған саясатын, халықаралық бағытының қол жеткізген жетістіктерін мойындап, біліп отыр. Тәуелсіздік алған жылдардан бері алып қарайтын болсақ, елімізде Елбасы саясатының арқасында көптеген ірі реформалар, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани-мәдени салалардағы маңызды бағдарламалар жүзеге асырылды.

Қазақтың кең-байтақ даласының қай өңіріне де кіе қонған, құт дарыған. Сонымен қатар, тұтас түркі әлемі Сыр бойын атамекеніміз деп таниды. Ұлы дарияның бойында орналасқан қазақтың ежелгі астаналары бұл мекеннің тарихтағы орнын айшықтап тұрғандай. Елбасының осы өлкені «Сыр – Алаштың анасы» деп атауында айрықша мән бар. Біздің өңірімізде қазақ халқының келешегіне қатысты талай тағдырлы шешімдер қабылданғаны тарихтан белгілі.



Елбасы тәуелсіздік жылдары Қызылорда облысының, ондағы еңбексүйгіш халықтың ертеңіне қажетті бірнеше ірі жобалардың іске асуына бастамашы болды. Елбасының Сыр өліне жасаған әрбір сапарынан мұндағы халықтың келешекке деген сенімі арта түсті. Ұлт көшбасшысының ыстық пейілі мен ықыласы, ағайынға арнаған лебіздері жұртшылықтың көңілін көтерді.

Елбасы токсаныншы жылдардағы тоқырау кезеңінде 1993 жылы Арал тағдырына адам тағдыры деп қарап, экологиялық аймақтағы мемлекет басшыларының басын қосты. Арал проблемасы алғаш рет халықаралық деңгейде Қызылордада талқыланды. Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен халықаралық «Аралды құтқару қоры» құрылып, экологиялық өңірдің мәселелерін жүйелі түрде назарда ұстады.

Бұл кезде жас мемлекеттің алдында басқа да күрделі мәселелер тұрған еді. Бірақ Мемлекет басшысы Сыр бойындағы экологиялық апаттан зардап шеккен халықты қасиеттен құтқару туралы маңызды шешімдер қабылдады. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» жобасы дүниеге келіп, Қазақстанның Дүниежүзілік Банкінен ынтымақтастығына негіз қаланды. Қоқарал бөгеті тұрғызылып, «Ақлақ» су тоспасы салынды. Сырдария өзенінің арнасы реттеліп, «Қараөзек», «Әйтеке» тоспалары қайта жанартылды. Кіші Арал суы бұрынғы жағалауына жақиндалап, теңіз акваториясы ұлғайды. Ауданда балық шаруашылығы өркендеп, балықшылар атақесібіне қайта оралды. Жағалаудағы елді мекендердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарды. Қазіргі таңда Аралда бұрынғы кенес заманында салынбаған жаңа технологияға негізделген балық зауыттары жұмыс істейді.

Сыр өңірі үшін маңызы аса зор «САРАТС» жобасының алғашқы нәтижелерімен танысқан Елбасы оның екінші кезеңін жалғастыруға тапсырма берді. Қасиетті Арал топырағын басып тұрып «Мен Аралаға көмектесем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын» деген сөзі халық жадында мәңгі қалды.

Экономикалық құрылымсы жағынан жылдар бойына аграрлық аймақ болған Сыр өңірі тәуелсіздік алған соң мұнайлы аймаққа айналды. Елбасының тікелей тапсырмасымен жалға берілген мерзімі аяқталған Құмкөл жерін әлі де біздің облыстың еншісіне қалдыра тұрғау шешім қабылданды. Қазақтың дархан даласының, қойнауы қазынаға толы жерінің байлығы – баршамызға ортақ. Ширек ғасырдан астам уақыт бұрын мұнайшы деген кәсіпті игерген сырбайлықтар бүгінде Елбасының осы шешімінің нәтижесін көріп отыр.

Қызылорда халқы мұнай кеніштерінде есепсіз жанып жатқан ілеспе газды жылдар бойы тұтына алмады. Есепсіз байлық босқа жұрын жатқанда, қала халқы қуны аспандап тұрған отын мен көмірді ғана пайдалануға мәжбүр болды. Елдің қамын ойлайтын Елбасы бұл істе де кеменгерлік танытып, Қызылорда қаласын газдануры жобасына қыруар қаржы бөледірі. Жыл сайынғы Жолдауларында газдануры аяқтау туралы Үкіметке тапсырма берді. Міне, осының арқасында облыс орталығы «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр.

Сыр өлі – Елбасының ерекше ықыласына бөленген аймақ. Әлеуметтік-экономикалық қолдаудың арқасында жүздеген мектептер мен балабақшалар, медициналық нысандар салынып, пайдалануға берілді. Біздің облыс халқы, Тұңғыш Президенттің «100 мектеп, 100 аурухана», «Балапан», «Тұрғын үй құрылысы», «Мәдени мұра», «Қолжетпейді баспан», «Жұмыспен қамту», «Бизнестің жол картасы-2020» секілді мемлекеттік бағдарламаларының игілігін көріп келеді.

Бүгінгі таңда әлемнің көрнекті саясаткерлері Назарбаевқа жоғары баға беріп, оны Ататүрікпен бір қатарға қояды. Шығында да, Нұрсұлтан Назарбаев жас мемлекетімізге тарих үшін көзді ашып жұмғанмен тең келетін аз уақыт ішінде тарихи экономикалық және саяси реформалар жүргізіп, ата-баба арманын аманат ретінде жүзеге асырды. Қазақстанның талай тар жол, тайғақ кешуден өтіп, Тәуелсіз мемлекет болып, әлемнің өркендеткі елдерімен терезесі тең болуы – Елбасымыздың ерен еңбегінің нәтижесі.

Қылышбай БИСЕНОВ,
облыстық мәслихат хатшысы,
техника ғылымдарының докторы,
профессор, академик,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Шетелдегі тұңғыш қазақ тілшісі

Көне дәуір парактарында таңбаланып қалған әйгілі Отырар топырағында өсті. Сонау есте жоқ ескі заманды бізге жалғанам там-тұм дерек өңірде әйгілі Әл Фараби туған деседі. Жоспарлы экономиканың арқасында қай ауылдың да түтіні түзу шыққан заман еді ғой, әйтсе де әуелі «Өңір» атанып, кейінірек Маяқұм атты тарихи атауын қайта иеленген елді мекеннің жағдайы өзгеше болды. Өзбекәлі Жәнібекпен бірге оқыған сақтас Убайдулла Маяқұмның май топырағын бұрқыратып жүрген баласының болашағына алаңдағанда «Балам, журналист деген не кәсіп, 5 жыл оқығанда бітірерің қағаз шайнау болса, қоя ғой. Одан да мен сияқты есепші бол» деп еді.

Бірақ бала Ержан үшін ауылдағы «Қызылқұм» газетінің редакциясындағы әкесі айтқандай «қағаз шайнау» отырған ағалардан жақсы ешкім жоқ. Барса, құрақ ұшып қарсы алды, жазғанын газетке береді. Солардың ақылымен облыстық республикалық басшыларға да мақала жіберіп еді, жарық көрді. Бәрінен бұрын айына алатын 5-6 сом қаламақыны айтсайшы. Балалардың бәрі Ержанды төңіректейді. «Бала тілін» атанғанының арқасында мектептегі белсендінің бірі болып, дружина кеңесін басқарды. Осыны көрген Убайдулла әке де болам деп тұрған баланы бағын байламауды жөн санаған секілді. Сөйтіп, 1967 жылы мектепті алтын медальмен бітірген Ержан ҚазМУ жұртының студенті атанды. Оқу орнын бітіргеннен кейін ауылда 1 жыл жұмыс істеді. Мансап қуған адам болса, аз жылда жайлы креслоға жайғасуға да болатын еді. Бірақ, ежел-дерті өзі 5 жыл оқыған Алматы болды да тұрды. Арман қалаға қайтып оралып, телевидениедегі «Күрделістер» деп аталатын хабарға режиссердің көмекшісі болып орналасқанда көпшілік бір демдеп еді.

Ұстазы болған бағдарламаның бас редакторы белгілі қаламгер, ғалым, академик Жарылқасын Нұсқабаевтың қамқорлығын көп көрді. Сонда ғой әйгілі диктор Әнуарбек Байжанбаевтың «Бала, даусың түрілдеп тұр екен. Тәрибиелесе, тәп-тәуір диктор болатын тұрй бар, бізге кел» деп шақырып жүргені. Бұл күнде өзі де ағалық жасқа келіп, ел алдында жүрген Ерекең көзден кетсе де, көңілден ұмыт болмайтын осындай ағалардың қамқорлығын көріп еді. Күйкі тіріліктен сәл қажыса болды, сол ағалар арқасынан аялай қағып тұрғандай сезініп, сергіп қалатыны бар.

Қазақтың маңдайға басқан жалғыз телевидениесінде жұмыс істеу – кез келген журналистің арманы. Ал сонда қызмет істей жүріп, мемлекеттік деңгейдегі іс-шараларды насихаттау тобына ілігу екінің біріннің түсіне кірмес еді. Маяқұмнан шыққан Ерекең сондай таңдаулылардың бірі болды. Аз жылда Қазақстандағы барлық екінің бірінші қорылыстарды аралап, тележөнінен түспейтін танымал тілшіге айналды. Қазақстан Орталық комитетінің хатшысы Дінмұхаммед Қонаевтың қасында жүрді. 1-мамыр мен 7-қараша күні өткізілетін шерулерден тікелей репортаж жасады.

Қазақстан сол кезеңдерде Отан қамбасына 1 млрд тұттан астам астық тапсыратын. Қазақ телевизиясында «Алтын дән» хабары ұйымдастырылды. Құн сайын берілетін арнайы хабарды Қажы Қорғанов, Төлеубай Смағұлұлы, Ержан Уәйісов жүргізетін еді.

1989 жылдың 22-маусымы естен кетпейді. Дәл осы күні Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланып еді. Плenumнан кейін жанадан сайланған республика басшысы қасына үркерлей ғана топ ертіп, Пушкин көшесіндегі Орталық мейітке бас сұқты. Аты орталық болғанымен, көрер



көзге қораш-ақ ғимарат. Айнала қоршаған алып үйлердің тасасында қалған имандылық ұйып аралап шығысымен Нұрсұлтан Әбішұлы орталық телестанға тілшілеріне сұхбат берді. Кеңестік «қызыл шарбақ» сөтінегенмен Орталықтың одақтас елдерге әлі де ықпалын жоғалта қоймаған кезі. «Дін – апын» деген қағидамен қаруланған жүйені басқарып отырғандар Нүрекеңнің республика басшысы ретіндегі алғашқы жұмыс күнін мейіттен бастауына «бәрелеңді» дей қоймасы анық. Солай боларын білсе де Нұрсұлтан Әбішұлы тілшілерге «Қазақ – 70 жыл өзгенің болауында жүрсе де, тілі мен дінін, жүрегіндегі иманын жоғалтпаған ұлт. Мейітке кірген сөттен-ақ еліміздің жарқын болашағы үшін тілек қылдым» деп сұхбат берді. Сөздің құдіреті дегенді қойсаншышы, ел басшысы ақжарыла сөйлегенде телетіліні Ерекең қолындағы микрофоннан бойына бір жылу жүгіріп өткендей сезінді-ай... Сол әсерден арғыла алмай жұмысына жетті. Сюжеттің мәтінін жазуға отыра бергені сол еді, алдындағы қара телефон безетей жөнелісіп, Колтерсе, сонану Германиядан қоңырлаулатып тұрған Хасен Оралтай деген азамат екен. Шетелдік ақпарат құралының жылдамдығын қараңыз, бұл жұмысқа келем дегенше «Азаттық» радиосында қызмет жасайтын Хасен ағасы Нүрекеңнің мейіштіке барғанынан хабардан болып отыр. Ақпараттың мәтінін жазып та қойыпты, кейбір жерін анықтап алу үшін телефон соғып отырған беті. Сол күні кешке халықаралық радио жері жанаған «Бүгін Қазақстанның жүрегінің түгі бар басшысы имандылық үйіне барды» деп жар салды.

1992 жылы Тәуелсіздіктің елең-аланы. КСРО-дан енші алып шыққан басқа да одақтас республиқар секілді Қазақстан үшін де сырт әлем тым жұмбақ еді. Сондай күндердің бірінде жазушы ағасы Қалтай Мұхамеджанов шақыра қалсын. Қалкеніңн шаруа тапсырғаны да қызық өзі, міндеттеп ештеңе айтпайды. Айналп-толғанып отырып, мойнына бір шаруаны іле салғанын байқамай қаласын. «Армыстаным, жолбарысым» деп отырған ағаның сеніммен пығу үшін барынды саласың сосын...

«Өй, жолбарысым-ай, жетпін бе?» – делі бұл есіктен бас сұқпай жатып. Шаруа былай: бізге түріктер келе жатыр. Қазақстанның «Заман» газетінің өкілдігін ашап. Сырт елді көрген тілшісің ғой, ертең Мырзатайға бірге кіріп шығайық.

Айтқан уақытында Үкімет басшысының орынбасары Мырзатай Жолдасбековтің алдынан табылады. Қазақтың тәуелсіздігін алғаш таныған Анadolыдағы ағайындар вице-премьермен әңгіме үстінде газет өкілдігін ашудан бөлек өз елдерінде Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары үшін тілші ұстамақ ниеті барын да жеткізеді. Сонда ғой Қалтай ағасының «Тілшілікке осы жігіттен лайық адамды таппайсыз» деп Ержанға Түркияға жол ашып беретіні. Ертесінде өткен Президент қабылдауында Нұрсұлтан Әбішұлы арнайы



«Ержан, Қазақстанда шетелдік аккредитация алған тұңғыш журналист атандың. Түбіміз бір елмен жан-жақты байланыс жасауымыз қажет. Осы үшін барынды сап, еңбегің жемісті болсын!» деп қызметіне сәттілік тіледі. Көп ұзамай ел өкілі ретінде «Қазақстан әуе жолдары» авиакомпаниясымен Түркияға сапар шеккен алғашқы делегация құрамында Ержан Уәйіс те бар еді.

Кемал Ататүріктің арқасында кемел елге айналған Түркия бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері үшін бар жағдай жасап қойған. Ерекең де бара сала бауырмал елдің жүрсе де, тілі мен дінін, жүрегіндегі иманын жоғалтпаған ұлт. Мейітке кірген сөттен-ақ еліміздің жарқын болашағы үшін тілек қылдым» деп сұхбат берді. Сөздің құдіреті дегенді қойсаншышы, ел басшысы ақжарыла сөйлегенде телетіліні Ерекең қолындағы микрофоннан бойына бір жылу жүгіріп өткендей сезінді-ай... Сол әсерден арғыла алмай жұмысына жетті. Сюжеттің мәтінін жазуға отыра бергені сол еді, алдындағы қара телефон безетей жөнелісіп, Колтерсе, сонану Германиядан қоңырлаулатып тұрған Хасен Оралтай деген азамат екен. Шетелдік ақпарат құралының жылдамдығын қараңыз, бұл жұмысқа келем дегенше «Азаттық» радиосында қызмет жасайтын Хасен ағасы Нүрекеңнің мейіштіке барғанынан хабардан болып отыр. Ақпараттың мәтінін жазып та қойыпты, кейбір жерін анықтап алу үшін телефон соғып отырған беті. Сол күні кешке халықаралық радио жері жанаған «Бүгін Қазақстанның жүрегінің түгі бар басшысы имандылық үйіне барды» деп жар салды.

1992 жылы Тәуелсіздіктің елең-аланы. КСРО-дан енші алып шыққан басқа да одақтас республиқар секілді Қазақстан үшін де сырт әлем тым жұмбақ еді. Сондай күндердің бірінде жазушы ағасы Қалтай Мұхамеджанов шақыра қалсын. Қалкеніңн шаруа тапсырғаны да қызық өзі, міндеттеп ештеңе айтпайды. Айналп-толғанып отырып, мойнына бір шаруаны іле салғанын байқамай қаласын. «Армыстаным, жолбарысым» деп отырған ағаның сеніммен пығу үшін барынды саласың сосын...

«Өй, жолбарысым-ай, жетпін бе?» – делі бұл есіктен бас сұқпай жатып. Шаруа былай: бізге түріктер келе жатыр. Қазақстанның «Заман» газетінің өкілдігін ашап. Сырт елді көрген тілшісің ғой, ертең Мырзатайға бірге кіріп шығайық.

Айтқан уақытында Үкімет басшысының орынбасары Мырзатай Жолдасбековтің алдынан табылады. Қазақтың тәуелсіздігін алғаш таныған Анadolыдағы ағайындар вице-премьермен әңгіме үстінде газет өкілдігін ашудан бөлек өз елдерінде Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары үшін тілші ұстамақ ниеті барын да жеткізеді. Сонда ғой Қалтай ағасының «Тілшілікке осы жігіттен лайық адамды таппайсыз» деп Ержанға Түркияға жол ашып беретіні. Ертесінде өткен Президент қабылдауында Нұрсұлтан Әбішұлы арнайы

«Ержан, Қазақстанда шетелдік аккредитация алған тұңғыш журналист атандың. Түбіміз бір елмен жан-жақты байланыс жасауымыз қажет. Осы үшін барынды сап, еңбегің жемісті болсын!» деп қызметіне сәттілік тіледі. Көп ұзамай ел өкілі ретінде «Қазақстан әуе жолдары» авиакомпаниясымен Түркияға сапар шеккен алғашқы делегация құрамында Ержан Уәйіс те бар еді.

Кемал Ататүріктің арқасында кемел елге айналған Түркия бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері үшін бар жағдай жасап қойған. Ерекең де бара сала бауырмал елдің жүрсе де, тілі мен дінін, жүрегіндегі иманын жоғалтпаған ұлт. Мейітке кірген сөттен-ақ еліміздің жарқын болашағы үшін тілек қылдым» деп сұхбат берді. Сөздің құдіреті дегенді қойсаншышы, ел басшысы ақжарыла сөйлегенде телетіліні Ерекең қолындағы микрофоннан бойына бір жылу жүгіріп өткендей сезінді-ай... Сол әсерден арғыла алмай жұмысына жетті. Сюжеттің мәтінін жазуға отыра бергені сол еді, алдындағы қара телефон безетей жөнелісіп, Колтерсе, сонану Германиядан қоңырлаулатып тұрған Хасен Оралтай деген азамат екен. Шетелдік ақпарат құралының жылдамдығын қараңыз, бұл жұмысқа келем дегенше «Азаттық» радиосында қызмет жасайтын Хасен ағасы Нүрекеңнің мейіштіке барғанынан хабардан болып отыр. Ақпараттың мәтінін жазып та қойыпты, кейбір жерін анықтап алу үшін телефон соғып отырған беті. Сол күні кешке халықаралық радио жері жанаған «Бүгін Қазақстанның жүрегінің түгі бар басшысы имандылық үйіне барды» деп жар салды.

1992 жылы Тәуелсіздіктің елең-аланы. КСРО-дан енші алып шыққан басқа да одақтас республиқар секілді Қазақстан үшін де сырт әлем тым жұмбақ еді. Сондай күндердің бірінде жазушы ағасы Қалтай Мұхамеджанов шақыра қалсын. Қалкеніңн шаруа тапсырғаны да қызық өзі, міндеттеп ештеңе айтпайды. Айналп-толғанып отырып, мойнына бір шаруаны іле салғанын байқамай қаласын. «Армыстаным, жолбарысым» деп отырған ағаның сеніммен пығу үшін барынды саласың сосын...

Мұрат ЖЕТПІСБАЕВ,
Сурет Ержан Уәйістің жеке мұрағатынан алынды.

Өңірдің жасампаз өмір шежіресі



Құрметті Аманжол Сақыпұлы! Қадірлі әріптестер!

Сыр өңірінің ғасырға жуық тарихын тасқа басқан байырғы басылым – «Сыр бойы» газетінің 90 жылдық мерекесі құтты болсын!

Астана болған Ақмешіттен тараған бірқатар қазақ басылымдарының ізімен жарық көрген газет қай кезеңде де елге адал қызмет етті. Газеттің 50 жылдығына орай «Құрмет белгісі» орденімен марапатталуы, бірқатар нұсқаларының Мәскеудегі бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қойылуы соның айғағы деп білеміз.

Еліміз тәуелсіздік алған жылы тарихи атауымен қайта қауышқан «Сыр бойы» өңірдің тыныс-тіршілігін кенінен камтып, қазақ қоғамы үшін өзекті тақырыптарға терең бойлады. Газет бетіндегі ұлт руханиятына қатысты сүбелі мақалалар халық қазынасына айналды. Кейінгі жылдары заманауи ақпараттық технологияларды қолдану, web-сайтының дамуы бағытындағы талпыныстары, уақыт талабына сай жаңғыру қадамдары жемісін беріп, оқырман тарапынан да жылы қабылданып жатқаны баршамызды қуантады.

Алаштың анасы атанған Сыр елінің бас басылымын 90 жылдық мерейлі белесімен тағы да құттықтай отырып, жүз жылдық жылнама – «Егемен Қазақстан» газетінің ұжымы атынан әріптестерімізге шығармашылық шабыт тілеймін! Мереке құтты болсын!

Игі тілекпен, «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ Басқарма төрағасы **Дархан ҚЫДЫРӘЛІ**.

Екінші дүниежүзілік соғыстың отты жылдарында майдан шебіндегі жауынгерлердің ерлігін елге жеткізген және сол майданға елдегі жұрт жан аямай қолдау көрсеткенде көкірегіне сенім ұялатып, рухани демеушісі болған да – осы басылымдар. Бір сөзбен айтқанда, кешегі мен бүгінгінің бейнесі қатар өрілетін, өзіндік ой-пікірі бар газеттер ел еркіндігінің, ынтымағының, әрбір жарқын жаңалықтың жаршысына айналды.

Аймақ басшысы аталған газеттердің Елбасы мен Мемлекет басшысы бастамашысы саналатын бағдарламаларды, мемлекеттік тапсырыс аясында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты барлық салалағы іс-шараларды бұқара арасында насихаттауда алған биігінен аласармайтынына сенім білдірді.

Бір өзеннің қос саласындай қатар өрілген басылымдар 2010 жылы «Сыр медиа» серіктестігіне бірікті. Медиа-бірілестік 2013 жылдың соңында жаңа ғимаратқа көшіп, 2014 жылдың қаңтар айынан бастап қалалық, аудандық ресми басылымдар осы құрылымға қосылды. Содан бері редакциялардың қаржылық, материалдық-техникалық әлеуеті күшейді. Бүгінде «Сыр медиа» – газеттерді жаздыру, басу, тарату қызметін қатар жүргізіп отырған республикадағы бірден-бір іргелі ұжым. Бұл – мемлекеттік-ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру бағытында қолға алынған бастаманың жемісі.

– Олай болса, серіктестік құрамындағы тоқсан жылдық белеске шыққан «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттері әрқазы жаксылықтың жаршысы, елдік намыс камшысы болғай! Бүгінге дейінгі жетістіктерімізді сақтап, оны баянды етуде, бірлік пен тыныштығымызды сақтауда сіздердің қызметтеріңіз ерекше маңызды. Облыс басшылығы мен Сыр жұртшылығы атынан отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Одан кейін облыс әкімі Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың шығармашылық ұжымға жолдаған құттықтау хатын оқып, сала өкілдерін марапаттады. «Сыр бойы» газетінің бөлім меңгерушісі Жолдасбек Ақсақалов облыстың Құрмет грамотасын, дизайнер Гүлмира Өтешова және тілші Айсауле Қарапаева облыс әкімінің алғыс хатын иеленді. Сондай-ақ, «Сыр медиа» серіктестігіне қызметтік автокөліктің кілтін тапсырды.

Әріптестер қуанышын бөлісуге келген Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев, Қазақстан Президенті баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі Ержан Байтілес, «Ақтөбе Медиа» ЖШС бас директоры, Қазақстан Журналистер одағы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Раукен Отаншин игі тілектерін жеткізді. Белгілі журналист Ержан Байтілес Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев пен Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәлидің құттықтау хаттарын оқып берді. Жыны барысында «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағы сала ардагерлері Қайырбек Мырзах-



Суреткері түсірген Нұрғабай Нұржаубай.

метов пен Тимур Қасымовқа берілді.

Басқосуда ғасырға жуық уақыттың керуен көшінде елдің сөзін сөйлеп, билік пен халық арасында дәнекер болған аға басылымдардың өткені мен бүгінгі, болашақ бағдары төңірегінде тың деректер, тұшымды тұжырымдар айтылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам алдындағы міндеті де, жауапкершілігі де жоғары. Газеттің әрбір сөзі, сөйлемі оқырман жанына жайлы тиіп, сезіміне әсер ететін, материалдар әсерлі, тұшымды болғанда ғана аудитория ақпаратқа құлақ асады. Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқаламов «Сыр бойы» мен «Қызылординские вести» газеттері осындай талаптар өресінен шыға білген Сыр өңірінің тынысы һәм үні екенін жеткізді.

– «Сыр бойы» небір соқпақпалы-соқпақты кезеннен өтті. Бұған тарих куә. Тоталитарлық жүйенің тоқтағанын құтылған, сытылған ақпарат құралы жоқ. Газет атауы 1932 жылдың қаңтарында «Ленин туы» деп өзгертілді. 1938 жылы облыс құрылғаннан кейін басылым облыстық «Ленин жолы» газеті деп аталды. Ал 1991 жылдың қыркүйегінен бастап «Сыр бойы» деген алғашқы атауы қайта оралып, басылым мазмұны кеңейіп, облыс жұртшылығы үлкен қуанышпен қарсы алды, – деді ол.

Сыр өңірінің жасампаз өмір шежіресін жазуда «Қызылординские вести» газетінің де үлесі ұшан-теңіз. Қай кезеңде қызмет етсе де басылым уақыт талабына сай толымды өзгерістерді паш етіп, өлкенің жылнамасын жасауға сүбелі үлес қосып келе жатыр.

Қос редакцияда қызмет атқарған талай майталман журналист баспасөздің беделі мен сапасын арттыруға аянбай атсалысты. Олардың қатарында Қайыпназар Қауымбаев, Ұзақ Бағаев, Нұрділда Уәлиев, Нұрғали Оспанов, Сақтаған Есмаха-

нов, Ақбергелер Ержан, Шәкізат Дәрманбетов, Адырбек Соппыбеков, Жақсылық Рахматулла, Құттыбай Сыдықов, Асқар Кіребаев, Әділхан Бәйменов, Жолтай Әлмашұлы, Оразбек Мақсұтұлы, Қазі Данабаев, Несібелі Рахмет, Сәрсенкүл Биқожа, Мұхамеджан Нұрханов, Жұматәлі Әбдіраман, Айғали Қарабалаев, Мәлік Мұхамеджанов, Әбдірашид Сатыбалдиев, Татьяна Иванова, Евгений Дмитриев, Георгий Голубев, Василий Василенин, Евгений Хан, Владимир Ли, Жарылқасын Иманбердиев, Файзоллахан Жолмахановалар бар.

Шығармашылық ұжымымыз ерен еңбегі еленіп, кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік жылдарында да жоғары марапаттарға ие болды. Облыс әкімінің орынбасары осының барлығы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген ұйымшылдықтың арқасы екенін атап өтті.

«Сыр бойы» – өз тарихында облыстық басылым мәртебесінен екі рет айырылып, қайтарып алған газет. Деректерде оның алғашқы редакторы Жиенғали Тілепбергенов екені жазылып жүр. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов осы тұста көбіміз біле бермейтін мәліметпен бөлісті.

– Бізді ойландыратыны – Тілепбергеновтің «Сыр бойы» газетінің редакторы емес, редактордың орынбасары болғаны. Барлық құжатта солай. Бұл әлі анықтауды, зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, газеттің шығуына ол кісінің мол үлес қосқаны анық. Кей жағдайларда газет Тілепбергеновтің қол қоюымен жарыққа шыққан, – деді ол.

«Сыр бойы» небір зобалаңды басынан өткерсе де өз міндетін абыроймен атқарды. 1937-1938 жылдардағы «қызыл террор» да газетті айналып өткен жоқ. Республикалық басылымдардан бастап аудандық газеттердің қызметкерлеріне дейін үрей құрсауында күн кешті.

– Фотоқұжаттар 1937 жылдары журналистердің де көптеп ұсталып, репрессияға ұшырағанын көрсетеді. Бір гана мысал, газет қызметкері болмаса да, «Ленин туы», «Социалды Қазақстан» газеттеріне мақалалары мен өлеңдері жиі жарияланып тұрған қармақшылық жас Әлімбаев Әлиасқаров 1937 жылы «халық жауы» ретінде ұсталып, 25 жылға сотталып, Қиыр Шығысқа, Қолымаға айдалған еді. Алтын кенінде айлауда жүріп, бір күні соғыс басталғанын естіп, қайта-қайта арызданып жүріп, соғысқа аттанған. Аман-есен елге оралғанын ауыл тілшісі боламын деп 5 жыл түрме дәмін тапқан, – деді ғалым.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұжбаев «Сыр бойы» газетінің ақпараттық-танымдық қызметінен бөлек, шығармашылық шеберханасы ретіндегі ролі ерекше екенін сөз етті. Өйткені қазақ сөз өнерінде өзіндік орны бар көптеген акын-жазушы осы ұстахананың қазынасынан түлеп ұшты.

– 1968-1985 жылдар аралығында «Ленин жолы» газетінің редакторы Қалқабай Әбенов болды. Газетте соғыс жылдары, одан кейінгі ауыр кезеңдерде тер төккен Ахметжан Нұрқеев, Нұрғали Оспанов, Бөлбай Әлманов, Құрманғали Ажаров, Орман Нұрқабаев, Шора Ерліев, Мырқы Исаев және тағы басқа аға буын журналистер, Жақсылық Түменбаев, Әділхан Бәйменов, Нұрпейіс Байғараев, Әбдіхан Айдаров, Асқар Кіребаев, Құттыбай Сыдықов секілді қаламы ұшқыр жас толқын еңбек етті. Оқырмандар саны, басылымның таралымы өсті. Үлкен еңбек жоғары бағаланды, – деді ол.

Осы тұста «Сыр түлегі», «Мектептен – өндіріске», «Әйелдер, сіздер үшін», «Күріш – біздің байлығымыз», «Өлең – сөздің патшасы» сынды жаңа айдарлар мен бұрыштар

ашылды. «Қожанасыр құрығы» сын-сықақ бұрышы арқылы авторлар талай кемшілікті сын садағымен түйреді. Қайта құру жылдарындағы реформалық өзгерістер, ел өміріндегі басқа да оқиғалар басылым бетінде көрініс тапты. «Қоңлашар беті» ұйымдастырылып, қызық мақалалар берілді. Газеттің таралымы едәуір көбейіп, 40 мыңға жетті. Ауыл-ауылдан хабарлар, мақалалар жүйеріп тұратын штаттан тыс тілшілердің саны артты. Редакцияда жаңа толқын қалыптасты.

– Әдебиет алыбы Ғабиден Мұстафин: «Мұралардың ең қымбаты – сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас көңілді жылжытады, жылы адам да, нәрсе де тозалды, жоғалады. Ал сөз мәңгі жасайды» деген екен. Сол сияқты жылы сөзімен халықтың жүрегіне жол салған «Сыр бойы» елдің бірлігі мен татулығына, өркеніне пен даму үрдісіне сүбелі үлес қоса беретіні сөзсіз, – деді ғалым.

Тоқсан жылдық белесінде «Сыр бойы» мен «Қызылординские вести» газеттері талай қайраткер, қаламгер, акын-жазушы, фототілші, журналисті тәрбиелеп шығарды. Олардың алды республикалық, облыстық ақпарат кеңістігінде жемісті еңбек етіп, отандық журналистиканың дамуына атсалысып жүр. Өңір өмірін қалтқысыз өрнектеп, жылнамалық, шежірелік, сондай-ақ ағартушылық, өлкетанушылық міндеттерді қоса атқарып келе жатқан басылымдар елдің бірлігі мен ынтымағына қызмет ету жолынан ешқашан жаңылған жоқ. Мемлекеттік-ақпараттық саясаттың салмақты жүгін арқалап, елдің дамуы жолындағы игі бастамаларды сараптап, халыққа жеткізуде де бедел биігінен түспек емес.

Айта кетейік, конференция барысында қонақтар фототілшілер Болат Омарұлиев, Игорь Титенко және Нұрболат Нұржаубайдың еңбектері қойылған фотокөрмені тамашалады.



1-бет.





«Атыңнан айналайын, атамекен»

Аймақтың ақпарат айдынында көш бастан келе жатқан «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» басылымдарының мерейтойы аясында «Атыңнан айналайын, атамекен» атты облыстық жыр мұшайрасы өтті. Алдың ала хабарланған жыр байқауына 30-ға жуық өлең түскен болатын. Соның ішінен 8 үміткер іріктеліп, қорытынды байқауда бақ сынады.

Сыр өңірінің тарихы мен «Сыр бойы» басылымының шежірелі ғұмырын жырға арқау еткен жас ақындардың туындылары төрт аяғын тең басқан өміршең өлеңдер десек, қателеспейміз. Талай жыр додаларында жеңімпаз атанып жүрген Ерженіс Әбді, Ұлықбек Бек-

ұзақұлы, Ғабит Кәдірбай, Елжас Әбділда, Жасұлан Серік, Айдар Сайлауов сияқты талантты жастардың қатарына осы кеште Еркін Шамшадин, Ақсұңқар Әлмұхан секілді жана есімдер қосылып, көрермен көңілін елең еткізді. Жыр мұшайраның қоры-

тындысымен, I орынды Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың студенті Айдар Сайлауов, II орынды айтқаскер ақын, №3 IT мектеп-лицейінің мұғалімі Ерженіс Әбді, III орынды ақын, Текей батыр атындағы колледж оқытушысы Ғабит Кәдірбай иеленді. Жеңімпаздар 50-150 мың теңге аралығында сыйлықтар иеленді. Ынталандыру сыйлығына ие болғандар да дипломдармен, қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Марапаттарды «Сыр медиа» серіктестігінің бас директоры А.Оңғарбаев, «Сыр бойы»

және «Қызылординские вести» газеттерінің бас редакторлары Қ.Шарабидинов, Қ.Ботаев табыстады. Айта кетейік, мұшайраға «Қызылорда қаламгерлер қауымдастығы» қаржылай демеушілік жасады. Сондай-ақ, қалалық мәдениет үйінің көрмеөнерпаздары ән-жырмен әрледі.

Жыр байқауына Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Т.Абылаев, М.Нұрханов, Ғ.Әбдіда қазылық етті.

Ғ.ҚОЗЫБЕКҚЫЗЫ.

Ақпараттық кеңістіктегі газеттің орны

Қазір дәстүрлі БАҚ пен әлеуметтік медианың арасында бәсекелестік жүріп жатқаны рас. Өйткені әлеуметтік медиа жаңалықтар таратуда дәстүрлі БАҚ-тардан озып бара жатқанын мойындауға тиісіз, яғни технологиялық төңкеріс заманында газеттермен салыстырғанда цифрлы медианың күшейетіні анық. Осы мәселелері мерекелік шараның жалғасы ретінде ұйымдастырылған басқосуда кеңінен талқыға түсті.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев, ҚР Президенті баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі Ержан Байтілес, сондай-ақ еліміздегі әріптес-басылымдардың, қанаттас келе жатқан медиа құрылымдардың басшылары «Ақтөбе Медиа» ЖШС директоры Рауен Отыншин, «Ақтөбе» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлы, «Түркістан медиа холдинг» ЖШС бас директоры Бауыржан Бердімұратов, Түркістан облыстық «Онғүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы Абай Балажан және «Егемен Қазақстан» газетінің Түркістандағы меншікті тілшісі Ғалымжан Елшібай Сыр өңірінің журналистерімен кездесу өткізді.



Онда жаңа және дәстүрлі медианың өзекті мәселелері сараланды. Кездесуді «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев жүргізді. Осы салада өзінің қолтаңбасын қалдырған аға журналистер қазіргі БАҚ-тың жай-күйі туралы, оны дамытудың алғы шарттары жайлы кеңінен пікірталасты. Бүгінгі басқосуда олар «Қазіргі журналистика әлемінде қандай жаңалықтар бар?», «Бүгінгі БАҚ қандай деңгейде?» деген сұрақтарға жауап іздеді. – Бүгінгі күні кез келген газеттің интернет нұсқасы бар. Десе де, қазіргі уақытта

оқырман сайттарда емес, әлеуметтік желіде көп отырады. Соны пайдаланған блогерлер кең көлемде посттар жазып, оқырманның қызу талқысына салады. Қазір аудитория әлеуметтік желіде. Оған қоса, әлеуметтік желіде жазылған дүниелерді көп сайттар, тіпті газеттер көшіріп басып жатады. Мысалы, белгілі бір сайт бір журналистің «Facebook»-тегі жазған жазбасын көшіріп басса, ол жылдам таралып, сан пікірлер туғызады. Бүгінгі таңда газеттер мен сайттардың бәсекелестігі осында жатыр. Алайда, бұл екі ақпарат көзі бір-бірінің орнын

баса алмайды, тек бәсекелестік орта туғызып, қатар өмір кеше береді, – дейді Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев.

Десе де, газет ақпаратының интернет ақпараттарынан айырмашылығы жоғары. Бұл жөнінде ҚР Президенті баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі Ержан Байтілес өз пікірін білдірді.

– Қазіргі қазақ баспасөзіндегі жағдай жалаң деп айтуға болмайды. Газеттің жөні бөлек. Ол тасқа жазылғанмен бірдей. Газет оқырман қолында болуы, оны оқу, ол үшін кәсіби деңгейде журналистиканы меңгеру керек. Осы саланың жас мамандары сауатты, жауапкершілікті болуы қажет. Қазіргі уақытта жалаң сенсацияға көп орын беріледі. Бүгінде оқырман көзқарасының өзгеріп бара жатқаны сондықтан. Өз қадімізді өзіміз қашырып жүрміз. Оқырманға ақыл айтудың қажеті жоқ. Осы тұрғыда кәсіби деңгейде дамудың жолын қарастырып, дәстүрлі журналистиканы өлтіріп алмау – біздің міндетіміз. Оны кейінгі ұрпаққа жеткізуіміз керек, – деді ол.

«Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінің 90 жылдығы мерекесіне орай ұйымдастырылған бүгінгі басқосуда құнды пікірлер айтылды. Осы орайда, жас журналистер өз ойларымен бөлісіп, көкейде жүрген сауалдарына жауап алды.

«СБ» ақпарат.



ЖЫР МЕРЕКЕСІ

«Мені өледі деген сөздер – ертегі...»

осылай жырлаған ақын бейнесі оқырман жүрегімен қауышты

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қазақтың талантты да тағдырлы ақыны Әділ Ботпановтың 50 жылдығына орай және ақын шығармашылығын насихаттауға арналған «Мені өледі деген сөздер – ертегі...» атты поэтикалық жыр мерекесі болып өтті.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Сақыпұлы тапсырды. Сондай-ақ, ол мұшайра жеңімпазы Биболат Сәтжаннның алғашқы жыр жинағын өз қаражаты есебінен шығарып беретінін айтты.

Сонымен бірге ақынның туған ағасы Данабек Әнуар-



Жыр кеші ледэкраннын көрсетілген ақынның өмірінен сыр шерткен естелік бейнебаянмен басталды. Қызылорда жастар театры артистерінің ақын өлеңдерін өкі отырып жасаған сахналық көрінісі тамшаланды. Ершат Қайырханның орындауындағы Ә.Ботпановтың сөзіне жазылған Қ.Құрманәлінің «Сәлеметсіз бе?» әніне түсірілген бейнеклип көрерменді ерекше сезімге бөледі.

«Таңда гүлдеп, шамда үзілген» таланттар қазақ өнерінде жүздеп саналады. Алпысыншы жылдардан бері тарамдасқ: Төлеген Айбергенов, Марат Отаралиев, Жұматай Жақыпбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Артығали Ыбыраев, Бауыржан Үсенов оралды еске...

Біздің айтпақ сөзіміз сәл өзгеше. Өнердің дүбірлі додасына дүлдүл арғымақтай арнайы қосылып, ізім-қайым жоғалғандар қаншама? Оларды лап етіп жанып, күлге айналды деуге ауыз бара қоймас. Алайда, сағат таланттың кейде өз отына өзі өртеніп кететіні бар.

Бұл – табиғи қуаттың тасқыны. Солардың бірі де бірегейі, Сырда туған талантты ақын Әділ Ботпанов болатын. Жиырма жеті жасында ғайыпқа айналып сала берді... Болкім, періште жүрегі пенделік ғұмырға сыймады ма?

Сен ренжіме, мәңгі өлеңнің өрнегі, Буырқанған алапат күш мендегі. Тегі бөлек Тәңірбек болмаса,

Менсінбейді пендені, – деген тәкаппар ақын санасына сағыныш ұялатқан, жапырақ жауған бір күзде өзгеше саңсары бір ғаламды іздеп кетті ме екен?

Бүгін осындай қиял қисынымен жүрген Әділ жырларының оқырманы дарынды ақынның өзі арамызда жүргеніне жүрек көзін жеткізді.

Мынау өлең – Бұйырпын Хак жазаға, Қойыны толып азаға, Шөһит болған шаһарларға – жаназ.

Мынау өлең – Болмай сол тұс тоқтауы, Жалмап кеткен от-жауы, Мешіттердің, Мешіттердің жоқтауы, – осындай өлеңдерді оқушы кезінде-ақ жазып, үлкен ақындарды еріксіз мақұлдатқан Әділ ақын С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түскен болатын. Бірақ ол оқуды аяқтамастан арамыздан алыстап сала берді. Оны бүгін жүрт өз өлеңдерінен тапты. Ол бүгін оқырманымен жүздесті.

Ақтөбеден арнайы келген кеш қонағы қазақтың көрнекті ақыны, Әділдің албырт шақтағы досы Бауыржан Бабажанұлы осы мазмұнда тебірене сөз сөйледі. Әділдің ешкімге ұқсамайтын ер мінезділігін, ерекше білімділігін жыр қылып айтты.



Мұнан соң «Әділдің жыр әлемі – жүрегімде» деп аталған республикалық жыр мұшайрасына қатысушыларға сәттілік тіледі.

Мұшайрада рухты өлеңдер оқылды. Жас ақындар тыннан сөз тауып, терінен ой қаузай білетінін, әсерлі, Әділше жазуға бейімділігін байқатты.

Жыр бөйгесі Бауыржан Бабажанұлы, Оңталап Нұрмахан, Мұхтар Ниязов секілді елге белгілі өнер майталмандарының қазылық етуімен қорытыланды.

Бірінші орынның жүлдесіне қазір Нұр-Сұлтанда тұратын жерлесіміз Биболат Сәтжан ие болды. Екінші орынды павлодарлық ақын Алтынбек Елемесұлы алды. Үшінші орынға түркістандық Тілеубек Батысұлы мен Қазалы ауданынан келген №90 орта мектептің оқушысы Әлихан Махашев лайық деп танылды.

Орын алмаса да, қатысқандардың бәрі ақшалай сыйлық алды.

Мұшайраның жұлделерін қазылар алқасымен бірге белгілі журналист, филология ғылымдарының кандидаты, ақынның досы Аманжол

бекұлы және ақынның отбасы – жары Гүлсім, ұлы Ақназар, қызы Меруерт сахнаға шығып, көпшілікке, кештің ұйымдастырушыларына алғыс білдірді. Мұшайра қатысушыларының бәріне Әділ ақынның «Домбыра-жүрек» аталатын өлеңінің бір жолы жазылған домбыра сыйлады.

2012 жылы «Қазыұрт» баспасының директоры Темірғали Копбаев Ә.Ботпановтың «Өмірзая» атты тұңғыш жинағын 1000 дамамен тегін шығарып берген еді. Мұнан соң қызылордалық белгілі кәсіпкер Нұрмұрат Ерманов өз қаржысына осы кітаптың тағы бір 1000 данасын шығарған болатын.

Алматыдан келген ақынның досы, белгілі театр және кино актеры Әділжан Шомбалов Ә.Ботпановтың «Өмірзаясын» жанадан тағы 500 дана шығарып әкеліп, оқырманға тарту етті.

Жыр мерекесін «Қызылорда қаламгерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастырды және демеушілік жасады.

Жарық өндіретін жаңа станция

Тұңғыш Президент күні қарсаңында «Батыс Түзкөл» кен орнындағы газурбиналық электр станциясы іске қосылды. Жыл сайын облыста мұнай өндіру көлемі кеміп бара жатқаны құпия емес. Осыған орай мұнай-газ саласындағы мердігерлік жұмыстар көлемі азая түсуде. Соған қарамастан бізде жаңа кен орындары пайдалануға беріліп келеді.

Ержан ҚОЖАСОВ.



жанып кетсе, аталған станция газды кәдеге жаратып, электр энергиясы өндіріледі.

– Маған бұл компанияда жұмыс істеу ұнайды, – дейді алтыншы разрядты дәнекерлеуші Бақытбек Жанәлиев, – Бізге жұмысқа қолайлы жағдай жасалған, жалақымыз да ойдағыдай. Өрне, мұндай жобаларды іске асыру барысында жауапкершілігін арттыра, шеберлігінді жетілдіресін. Менің жұмыс өтілім он төрт жыл және ондаған нысан құрылысына атсалыстым. Жастардың қазіргі кезде жұмысшы мамандықтарына оқуға бара бермейтіні өкінішті. Экономист немесе заңгерлікке түсе алмай қалған жағдайда ғана барлады.

Жаңа электр станция Батыс «Түзкөл» мен «Кетеказған» кеніштеріндегі барлық нысандарды, вахталық қалашық, ұңғымалар мен мұнай дайындау құрылыстарын және насостық станцияларды электр қуатымен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, жыл бойы үздіксіз жұмыс істейтін станция соңғы үлгідегі технологиялық аппараттармен жабдықталып, коммуникация тораптарының қауіпсіздігіне кепіл бола алады.

– Бұл электр станция біздің жұмысымызға жаңа мүмкіндік ашып отыр. Біріншіден, осы «Батыс Түзкөлдің» айналдырылған барлық мұнай өңдеу қондырғыларын электрмен

жабдықтауда үлесі зор. Оған соң, дизель отынына қарағанда арзан. Компанияға салмақ түсірмейді. Біздегі әр ұңғыма төңірегінде дизельді электр станция болды. Олардың бәрінен құтыламыз. Ал оған жұмсалған қаржының бәрін мекеменің қажеттіліктеріне, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағыттауымыз, – дейді «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» вице-президенті Болат Қошербаев.

Жаңа станцияда өндірілетін қуат көлемінің барлығы компания қажеттілігіне жұмсалды. Мұнай ұңғымаларын электр тоғымен толық қамтамасыз ету арқасында «қара алтынмен» қатар ілесіп газды өңдеу көлемі де арта түспек.

– Газурбиналық қондырғының іске қосылуы біздің компанияның жоғары өнімділікке жеткізіп, дамуына үлкен серпін береді деген сенімдемем. Біз алдағы уақытта көмірсутек шикізатын шетелге экспорттауға лицензия алуды жоспарлап отырмыз, – дейді «SSM-OIL» ЖШС экономикалық байланыстар жөніндегі директоры Серік Қонакбаев.

Айта кету керек, бұрынғы дизельді электр станция қосымша пайдаға жарай берді. Ал жаңа станция үш газ турбина арқылы электр қуатын өндіруді бастап кетті.

Осыдан тоғыз жылдай бұрын Сұлтүбө теміржол станциясының солтүстігінен 94 шақырым қашықтықтағы Түзкөл шатқалында «Батыс Түзкөл» деп аталатын мұнай кен орны ашылған болатын. Ол Арал-Торғай мұнай-газ кен орындарына кіретін Солтүстік Торғай мұнай кенішінің Арысқұм иінінде орналасқан. Мұндағы мұнай қоры 1,1 млн тонна деп есептелсе де, бұл көлемнен екі есе артық өндіріліп отыр және ол процесс жалғасуда.

«Батыс Түзкөл» кен орнындағы мұнай жинау пунктінде (ПН) топтық қондырғының (ГУ) кенейтудің екінші кезегін сынамалы түрде пайдалану жұмысын жүзеге асырумен «Транс Азия Констракшн» ЖШС айналысты.

Бір назар аударатыны, Қазақстанда ХХІ ғасырда жүргізіліп ірі мұнай және газ құбырлары құрылысының басым бөлігіне «Транс Азия Констракшн» ЖШС атсалысқан. Бұл компания біздің облыстағы

барлық мұнай кеніштеріндегі жұмыстардан да тыс қалған жоқ. Басқа компаниялардан жоғары техникалық жақандырылуымен ерекшеленеді.

Быттырдан бері компания мамандары «ТүзкөлМұнайГаз Оперейтинг» серіктестігінің тапсырысы бойынша «Батыс Түзкөл» кен орнындағы электростанция» жобасын жүзеге асыруға кіріскен болатын. Аталған нысан жақында пайдалануға берілді.

– Біз қуаттылығы 16,5 МВт газурбиналық электростанциясын салдық, – дейді учаске бастығы Ермек Нұржанов. – Ұңғымалардағы электр қозғалтқыштарына, насос станцияларына, электржылтықштарға және кеніштегі басқа да тұтынушыларға жүргізілетін жоғары кернеулі электр желілерін тартты.

Жаңа электр станциясының ашылу салтанатына облыс әкімі Қуанышбек Бисақов, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ басқарма төрағасы

Чжао Сяомин және «SSM-Ойл» ЖШС сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі директоры Серік Қонакбаев қатысты. Шарада арнайы сөз сөйлеген аймақ басшысы жерасты байлығының облыс экономикасына үлкен үлес қосып отырғанын айтты.

– Елімізде мұнайдың өндіріле бастағанына ғасырдан астам уақыт болды. Ал «қара алтынды» өндіру, игеру Сір өңірінде қолға алынғанына ширек ғасырдан асты. Осы мерзім ішінде аймақта мұнай өңдеумен 10-нан аса шетелдік компания айналысып келеді. Бұл мыңдаған жергілікті тұрғынға жұмыс көзі болып отыр. Мұның сыртында қаншама сер-

вистік компаниялар оларға қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, мұнай өндірісі облыс тайқазанына түсетін салық көлемінің артуына да үлесін тигізді. Осылайша «қара алтыннан» түсетін қаржы есебінен аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артып, бір ғана Қызылорда қаласы соңғы жылдары айтарлықтай көркейіп өзгерді. Компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігі негізінде атқарылып жатқан істер мақтауға тұрарлық, – делі аймақ басшысы.

Айта кетсек, жаңа электр станцияның ашылу салтанатында облыс басшысы барша сала мамандарын жаңа жобаның жүзеге асырылуымен

құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады. Кен орнындағы жұмысшылардың жағдайымен танысып, жатын орын, асхана, өрт сөндіру депосын аралап көріп шықты.

Құрылыста барлығы 60 адам жұмыс істеп, бір жылға жетер-жетпес уақытта нысанды тапсырып отыр. Бас мердігер «Транс Азия Констракшн» ЖШС жұмысты сапалы және уақытылы орындайтынына барлығы үйреніп қалған. Жалпы құны 9 млрд теңгеден астамын электр станциясының қуаты 16,5 МВт-қа тең. Ол арқылы мұнай кеніштеріндегі экологиялық қауіпсіздік мәселесі оң шешімін табады. Осыған дейін ілесіп газ ауада

EGOV БҰРЫШЫ

Достар, жыл сайын көлік-техникалық жағдайың тексеріп отыру қажет екенін білесіз. Темір тұлпарыңыздың техникалық байқауының мерзімі қашан аяқталатынын білу үшін egov mobile қосымшасын пайдаланып көріңіз.

- Egov mobile қосымшасын жүктеп, ЭЦҚ-мен немесе бір реттік құпиясыз арқылы кіріңіз;
- Қосымшадағы «Көлік жүргізу және транспорт» бөлімінен «Техникалық тексерістен өту мерзімін қарау» қызметін таңдаңыз;
- Өрі қарай жүйе көліктің мемлекеттік тіркеу нөмірін енгізуіңізді сұрайды.

Жаңа мемлекеттік тіркеу нөмірін енгізуіңізді сұрайды. Қажетті мәліметтер толықтырып соң жауап бірден беріледі. Бәрі өте оңай болса, пайдалы ақпаратты достарыңызбен бөлісіңіз. #egovtoqu

Көлігіңіздің техникалық тексеруден өткен мерзімін онлайн қараңыз

«Сыр бойы», «Қызылординские весты», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Простатит, аденома, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді бұзылыстар... БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ НЕДЕ?

Ер адам ағзасының құрылымы бойынша көптеген еректер ертелі ме, кеш пе созылмалы простатитпен немесе простата аденомасымен ауырады. Бұл екі дерт әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ екеуі де ағзада бір-біріне ұқсас белгілері берді, ол зәр шығарудың бұзылуы, жағсыздық және әртүрлі ауыртпашылық және де жыныстық қызметтің бұзылуы.

Мұнда да ісінген қуық асты безі простатиттегі сияқты уретралды және ұрық жолдарын жабады, осыдан зәр шығарудың бұзылыс пен әртүрлі ауру белгілері пайда болады. Ал простатиттердің төмен деңгейі, эректік қабілеттілікті нашарлатады.

Өз кезегінде, егер зәр шығару бұзылса, қалдық зәр – зәр шығару жүйесіндегі басқа органдарда жаңадан қабыну процесстерін туындатады. Көбінесе егде жастағы еркектерде, простатит және простата аденомасы симптомдары ұқсас немесе симптомсыз бірдей жүреді, көпшілік бұл екі дертті біреу деп қабылдай, өз жанды-мынын қауіпсіздігіне тәуелді. Дерттен алдын алатын органдарда бас радикалдар саны артып, ол қатерлі ісікке дейін апаруы мүмкін.

бәзі мен зәр шығару жүйесінің жұмысын кешенді түрде қалыңға келтіреді. Препарат қуық асты безіндегі, несеп қалғағы және уретралды каналды қабынды басыды. Зәр шығаруды дұрыстайды, несеп қалғанын икемділігін арттырады, сондай-ақ гормоналды фонды дұрыстайды, эректік гормондардың бөлінуі қалып келгенде, эректік жақсарып және де аденоманың өсуі тежеледі.

Простата аденомасы, бұл дерт көбінесе 50 жастан асқан еркектерде кездеседі. Қуық асты безінің қатерлі ісігі гормоналды фонның бұзылуымен және тестостерон (негізгі эректік гормон) гормоны бөлінуінің азаюымен туындайды.

Ұлыбританиялық ғалымдар тарапынан жасалған коллоидтық ерітінді «Мастер Мен» американдық коллоидты AD «Medicine Limited» зауытында шығарылады. «Мастер Мен» қуық асты

«Мастер Мен» еуропалық стандарт GMP тарапынан расталған, отандық және халықаралық сертификаттандырылған және американдық ең үздік компаниямен ұсынылған.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау уақытының 3 аптадан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштарының сәйкес келмеуі, ұйқысыздық, жүйкелік қауып артуы.

Назар аударыңыз, тиімді науқан жүруде!

«Мастер Мен»-нің 2 қорабына тапсырыс бергенде -20% жеңілдік, ал 4 қорабына -40% жеңілдік жүруде.

Науқан бойынша тауарлар саны шектеулі. Қазақстанның кез келген нүктесіне жеткізу бір күн ішінде.

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАНҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста – ағзаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, бұған аурулары ерекше қауіп төндіріп, беде ала бастайды.

Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың тобықтарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындауымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семюіне өкеледі.

Ең ауелі бұл асқынбалы ауру екендігін уғу керек, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманның көмегіне дер кезінде жүгіңіз, сауығып кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

ағзаның сүйек-булшықет жүйесінің өзара әрекеттесуін күшейте отырып, булшықет талшықтарының қуаты мен көлемін арттыратыны аса маңызды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҰРУДЕ! АРТРОЗЕРВЕР КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!



Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындардағы жалғастырушы және шеміршек тіндерін қалпына келтіріп, қабыну процесстерін жеңілдететін, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтың өнімділігін белсендіретін табиғи парафармацевтикалық «Артросервер» препаратын қолдануды ұсынамыз.

Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны таңдап бере алады. Орталығымыз инновациялық еуропалық және батыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекен-жайындағы, «Алау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД-ның кез келген жеріне кұрерлік жеткізіліміне тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау уақытының 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштарының сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емізу.

ARTROSERVE

Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артросерверке» тапсырыс бере аласыз 8 727 321 11 88 немесе arthroserve.kz сайты арқылы.

Maqsat «Әлем барысына» қатысады

Алдағы дүйсенбіде Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында казак күресінен «Әлем Барысы» абсолютті Әлем чемпионаты өтеді. Байрақты бәсекеде ел намысын қорғайтын палуандардың қатарында жерлесіміз, Азия чемпионы Мақсат Исағабалов бар.

Әлем чемпионатында 30 елден келген 33 палуан боз кілемде бақ сынасақ. «Әлем Барысы» титулы үшін Биыл АҚШ, Австралия, Бразилия, Грекия, Испания, Италия, Камерун, Конго, Корея, Куба, Нидерланды, Пәкістан, Польша елдерінің өкілдері күреспек.

Ай басында өндіре отқан казак күресінен ел чемпионатында жоғары жетістікке қол жеткізген спортшылар әлемдік, халықаралық ірі додаларға қатысады деген елі федерация өкілдері. Мақсат Исағабалов чемпионатта түбіе палуандар арасында екінші орынға тұрақтаған. Сондай-ақ 100 келіде сығна түскен ол үшін орынды еншіледі. Бұған дейін де өзінің мықтылығын дәлелдеген Мақсат талай сайыста топ жарып жүр.

Бұл жолы «Әлем барысында» Мақсатпен қатар Айбек Нұғымаров, Руслан Әбдіразақов, Нұрдаулет Жарылғапов, Айбат Сейтен казак атын асқақтатады деп күтуде. Биылғы жүлде қоры да қомақты. Үздік үштіктің қатарындағы спортшыларға қаржылай сыйлық беріліп, арнайы белбеулер табысталмақ.